



Кітапта адам денесінің құрылысы және ағзаларының жұмысы туралы баяндалады. Кітап тілінің жеңілдігі, көңілді суреттер, дәлдікпен берілген нобайлар, танымдық материалдар «Адам денесі. Жалықтырмайтын анатомия» кітабын қызықты етіп қана қоймай, балаларға құнды ақпараттар алуларына көмектеседі.



Өз бақытын іздеп алыс сапарға шыққан Алексей есімді жас жігіт Алтын Биеге кезігеді. Оның көмегімен патшаның сынақтарынан сәтті өтіп, Елена сұлумен баянды ғұмыр кешеді.




Кітапта динозаврлардың қалай тіршілік еткендігі және олардың кезеңінде біздің ғаламшарымыздың қандай болғаны туралы айтылады. Қызғылықты суреттермен сипаттау, түрлі түсті фотосуреттер және түсінікті кескендеу нәтижесінде «Жалықтырмайтын энциклопедия» пайдалы болуымен қатар, оқуға жеңіл еліктіріп әкетеді.



Жалықтырмайтын астрономия. Балалар энциклопедиясы «Алматыкітап» баспасынан 2014 жылы шыққан. Мәтіні Александр Вайнбергтікі, қазақ тіліне аударған Қанат Қайым. Кітапта әлем, ғаламдар, жұлдыздар, ғаламшарлар туралы қызықты мәліметтер берілген. Сонымен қатар ғарышты зерттеудегі адамның алғашқы қадамдары менайға сапарлары жөнінде де оқып біле аласыздар.




Анасы қайтыс болып, әкесі екі қызы бар өгей шешесін үйге әкелгелі Күлше қыздың көрген күні қиыншылыққа толы болды. Күлше қыз қанша қиындық көрсе де, мейірімді, еңбекқор болып өсті. Байғұс қыздың өміріне жақсылық нұрын сепкен-оның кіндік анасы Фея еді. Ол сиқырдың күшімен қызды тендессіз сұлу көйлекпен, арғымақтарға жегілген алтын пәуескемен биге жібереді. Күлше қыз уақыт түн ортасы болғанда қайтып оралуға тиіс едн. Асығып жүргенде оның хрусталь туфлиі король сарайының алдында қалып қояды. Корольдің ұлы хрусталь туфлидің иесін іздеп шығып, ақыры олар бір-бірімен кездеседі. Күлше қыз өз бақытын табады. Ол шынымен да нағыз бақытқа лайық еді.



Кенепте көркем суреттермен тамаша безендірілген бұл кітапта қыстың бір күнінде апалы-сіңлілі қыздармен достасқан және олардың көрсеткен қайырымдылықтарына мырзаларша алғыс үшін қайта оралған аю туралы әңгімеленеді.

«Раушангүл мен Қаршагүл» ертегісінің мәтіні Ағайынды Гриммдер шығармалар жинағынан алынған.



Кітапқа Редьярд Киплингтің «Рикки-Тикки –Тави», «Еркіндікті қалаған мысық» және «Бала-Піл» деп аталатын көңілді де тартымды ертегілері енгізілді. Екі әбжыланды жеңген ержүрек мангуст, еркіндікті сүйетін Мысық, сондай-ақ Қолтырауынның түскі асқа не жейтінін білгісі келген әуесқой Бала-Ліл туралы ертегілер балалардың қызыға тыңдайтын туындылары.



Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Түлкі, тасбақа және кене» атты кітап «Алматыкітап» баспасынан шыққан.

Ертегі қазақ және орыс тілінде. Бұл ертегіде түлкінің қулығы, тасбақа мен кененің еңбекқорлығы баяндалады. Кітап алдағы уақытта кішкентай оқырмандарды еңбек пен адалдыққа тәрбиелейтін тамаша құралдардың біріне айналатыны даусыз сонымен қатар ерекше дизайнымен қызықтырады.



«Түйе неге су ішкенде үнемі артына бұрылып қарайды?» атты ертегі «Алматыкітап» баспасынан шыққан. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған бұл ертегіде қайырымдылық мен уәдеге беріктік туралы баяндалған. Ертегідегі жануарлар туралы қиялдан туған суреттер балалардың қызығушылығын арттырады.